

## Көптоғай ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай округі әкімінің 2011 жылғы 12 қыркүйектегі № 8 шешімі. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 10 қазанда № 3-11-94 тіркелді

Ескерту. Шешімнің орыс тіліндегі атауы мен бүкіл мәтіні бойынша "аульного", "аула" сөздері тиісінше "сельского", "села" сөздерімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 30.07.2015 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабының 4-тармақшасына және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Көптоғай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Көптоғай ауылының көшелеріне төмендегі атаулар берілсін:

- 1) Қазақстан көшесі;
- 2) Ардагер көшесі;
- 3) Достық көшесі;
- 4) Жеңіс көшесі;
- 5) Тәуелсіздік көшесі;
- 6) Мектеп көшесі;
- 7) Астанаға 10 жыл көшесі;
- 8) Тұрғын үй-91 көшесі;
- 9) Наурыз көшесі;
- 10) Тамдыкөл көшесі;
- 11) Құрман көшесі;
- 12) Сапы көшесі;
- 13) Бейбітшілік көшесі.

2. Амангелді ауылының көшелеріне төмендегі атаулар берілсін:

- 1) Жанақадам көшесі;
- 2) Алғабас көшесі;
- 3) Ынтымақ көшесі;
- 4) Бейбітшілік көшесі;
- 5) Астана көшесі.

3. Қарасу ауылының көшелеріне төмендегі атаулар берілсін:

- 1) Тамдықөл көшесі;
- 2) Мақпалкөл көшесі;
- 3) Алашорда көшесі;
- 4) Ойыл көшесі.

4. Шұбарши ауылының көшелеріне төмендегі атаулар берілсін:

- 1) Ақсай көшесі;
- 2) Желтоқсан көшесі;
- 3) Тәуелсіздік көшесі;
- 4) Достық көшесі.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі:*

*Ғ. Амирова*